

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 наурыз N 234. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.03. N 1176 қаулысымен. ~P001176

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің дене тәрбиесі институттарында жалпы курстық мылтық ату спорты бойынша жоғары білікті жаттықтырушылар мен биатлон және бессайыс бойынша спортшы - жаттықтырушылар даярлау жөнінде оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасындағы жекелеген қару түрінің айналымының ережелері" деген 1-қосымша мынадай мазмұндағы 19-к қосымшамен толықтырылсын:

" 19-к қосымша

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің дене тәрбиесі институттары үшін оқпен атылатын қарулар мен оқ-дәрілердің тиесілік

### ТАБЕЛІ

1. Оқ атудан 1-курста есеп алынатын жалпы курс:  
(шұғылданатындардың саны - 200 адам):
  - а) 5,6 мм калибрлі 6 мылтық (ТОЗ - 12);
  - б) 5,6 мм калибрлі 4 мылтық (ТОЗ - 8);Бір шұғылданушыға бір жылға арналған оқ-дәрі - 550 дана;
2. Биатлоншылардың мамандануы, спорттық шеберлігін арттыруы, түрлі масштабтағы спорттық жиындар мен жарыстарға қатысуы:
  - 5,6 мм калибрлі 11 винтовка (БИ 7-2);

Бір шұғылданушыға бір оқу жылына арналған оқ-дәрілер:

1-ші жылы - 4,5 мың дана;

2-ші жылы - 6 мың дана;

3-ші жылы - 13,5 мың дана;

4-ші жылы - 15 мың дана.

3. Бессайысшылардың мамандануы, спорттық шеберлігін арттыруы, түрлі масштабтағы спорттық жиындар мен жарыстарға қатысуы:

а) 5,6 мм калибрлі 4 спорттық тапанша (Марголин жүйесі);

б) 5,6 мм калибрлі 4 спорттық тапанша (МЦУ жүйесі);

в) 5,6 мм калибрлі бір спорттық винтовка (БИ 7-2).

Бір шұғылданушыға бір оқу жылына арналған оқ-дәрілер:

1-ші жылы - 5 мың дана;

2-ші жылы - 6 мың дана;

3-ші жылы - 10 мың дана;

4-ші жылы - 10мың дана.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі